

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

МАҚАН ЕСБОЛАТОВ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

(Оқу-әдістемелік құрал)



Алматы
2023

ӘОЖ 355.4

КБЖ 68

С 21

Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы
Алматы академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен ұсынылған

Пікір білдірушілер:

К.Б. Қуатов – Ұлттық ұлан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы
қолбасшысының орынбасары, полиция полковнигі.

Д.В. Еремеев – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
М. Есболатов атындағы Алматы академиясы кәсіптік дайындық
факультетінің (№4 факультет) бастығы, полиция полковнигі.

С 21 Саптық дайындық: Исабаев Ч.А., Жағалов Ж.Т., Аташов
Ы.С., Цой О.Р. Архипов С.И. Оқу-әдістемелік құрал:– Алматы: ҚР ІІМ
М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗРБЖҰБ, 2023. –
54 б.

ISBN 978-601-360-067-3

Оқу-әдістемелік құрал Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштерінің саптық жарғысының және саптық дайындық бойынша
оқулық негізінде қажетті көлемде құрастырылған, материал мазмұны
мәтінді өзгертусіз Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
М. Есболатов атындағы Алматы академиясының тұрақты және
ауыспалы құрамы саптық дайындық бойынша сабақтарды өтуі кезінде
пайдалануы үшін бейімделген түрде қысқартылған.

Берілген әдістемелік құрал 5 негізгі бөлімнен тұрады, онда
саптық дайындық, сондай-ақ сабақтарды өткізуге дайындық
мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылады.

ӘОЖ 355.4

КБЖ 68

ISBN 978-601-360-067-3

©Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов
атындағы Алматы академиясы, 2023.

КІРІСПЕ

Әдістемелік құрал Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының тұрақты және ауыспалы құрамын саптық даярлау сапасына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес, олардың қызмет ету ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылды. Саптық дайындық бойынша бөлінген оқу сағаттарына сәйкес, тыңдаушыларда саптық тәсілдерді Арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының күшімен сапалы түрде бекіту мүмкін емес. Тұрақты және ауыспалы құраммен өткізілетін сабақтарда саптық тәсілдерді орындауда біркелкіліктің болмауы, саптық жаттығуларын өткізу әдістеріндегі дәлсіздіктер саптық бой түзеуге кері әсер етеді.

Әдістемелік құралда саптық оқыту әдістері мен сабақты ұйымдастыру амалдары келтірілген, жеке саптық дайындық әдістемесі сипатталған, оқу барысында саптық машықтарды жетілдіру және саптық дайындықты бағалауға қойылатын талаптар қарастырылған. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Саптық жарғысында саптық тәсілдер және қарумен және қарусыз қозғалыс жасау, бөлімшелер мен әскери бөлімдердің жаяу тәртіптегі және машиналардағы саптары, әскери сәлемдесуді орындау, саптық байқауды өткізу, әскери бөлімнің Жауынгерлік Туының саптағы жағдайы, оны шығару және әкету тәртібі, әскери қызметшілердің сапқа дейінгі және саптағы міндеттері және оларды саптық оқытуға қойылатын талаптар, сондай-ақ әскери қызметшілердің ұрыс алаңында қозғалыс тәсілдері және қарсылас кенеттен шабуыл жасаған кездегі іс-қимылдарды анықтайды, ал В.А. Меримскийдің редакциясындағы саптық дайындық бойынша оқу құралында 335 бетте саптық дайындық

сабақтарын өткізу әдістері мен амалдары келтірілген, ұсынылып отырған әдістемелік құралда оқу құралының мәтінін ерекше өзгертпестен қажетті көлемде (23 бетте) саптық оқыту әдістері мен саптық Жарғының талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының тұрақты және ауыспалы құрамымен саптық дайындық бойынша сабақтарды өткізу кезінде пайдалану үшін бейімделген түрде біріктірілген.

1. САПТЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Тыңдаушының саптық бой түзеуі саптық дайындық сабағын өткізу әдісіне тікелей байланысты және кеңінен қолданылатын әдіс келесідей құрамдардан тұрады:

- 1) оқу материалын ауызша баяндау;
- 2) көрсетілім;
- 3) жаттығу;
- 4) тәсілді немесе іс-қимылды өз бетінше зерделеу.

Саптық оқытуда оқу материалын ауызша баяндауда – түсіндіру оқылатын тәсілдер мен іс-қимылдарды көрсетумен (демонстрациялау) үйлестіріле отырып қолданылады.

Көрсетілім – бұл білім алушыларда зерделенетін пәннің көрнекі бейнесін құрап, саптық тәсілдер мен іс-қимылдар туралы нақты түсінігін қалыптастыратын тәсілдер мен іс-әрекеттер жиынтығы. Көрсетілім жеке немесе арнайы нұсқауланған білім алушылардың көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Жаттығу – бұл білім алушылардың дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру және жетілдіру мақсатында белгілі бір тәсілдер мен іс-қимылдарды бірнеше рет, саналы түрде және күрделендіре отырып қайталау.

Жаттығудың сәтті өтуі үшін қажет:

–білім алушылардың оқу жаттығуларының мақсатын түсінуі;

–білім алушылар үйретілетін іс-қимылдардың мазмұны мен олардың қатаң реттілігін игеруі;

–басшының күрделі іс-қимылдарды құрамдас бөліктерге бөлуі;

–жылдамдықты арттыру, мұның алдында білім алушыларда дұрыс іс-қимылдарды қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуі керек;

–белгілі бір ырғақты сақтау, іс-қимылдарды дұрыс реттілікте орындау, бұл білім алушылардан физикалық

және моральдық күштерінің әртүрлі шоғырлануын талап етеді;

–білім алушылардың жаттығуға деген тұрақты қызығушылығын қолдап отыру.

Саптық дайындықта, әсіресе оқу-жаттығу кезінде ұстамдылық пен шыдамдылықты таныту қажет. Командирдің дауыс көтеруі, зекуі және ашулануы тыңдаушының ерік-жігерін және бастамасын басып тастайды. Ол одан әрі шатасып, асығып, одан да үлкен қателіктерге жол береді.

Оқыту процесінде командир материалды қайталауға білім алушылардың барлығының белсенді қатысуына қол жеткізуі керек.

Тәсілді немесе іс-қимылды түсіндіру тәсілдің өзі сияқты қысқа, нақты және анық болуы керек. Әрбір бөлігін тәжірибелік көрсетілім арқылы түсіндіру қажет.

Саптық дайындық бойынша сабақты өткізу барысында командирдің тұрған орны білім алушылар жіберген қателіктерді уақытылы жоюға қол жеткізу үшін олардың әрекеттерін бақылауға ыңғайлы болуы қажет. Бөлімше сапынан арақашықтық ұстау келесідей болған жөн: бөлім (есеп) командирлері үшін үш-төрт адым; взвод командирлері үшін – бес-алты адым; бөлімше басшылары үшін – жеті адым. Осындай арақашықтық жағдайында білім алушылар үнемі командалық бақылауда болады.

Саптық дайындықта командирдің командаларды анық және қатты бере алуы үлкен мәнге ие болып табылады. Анық емес берілген команда оны орындауды қиындатады, ал қате берілген команда білім алушыларды шатасуға немесе тәсілді мүлде орындамауға алып келеді.

Алдын ала берілетін команда білім алушылар командирдің олардан қандай іс-қимылдарды талап етіп тұрғанын түсіну үшін нық және созылмалы берілуі керек. Орындалатын команда үзілістен кейін буындалып және белсенді берілуі керек. Орындалатын команданы ешқашан

созуға болмайды, өйткені бұл білім алушылардың қажетсіз қобалжуына және іс-қимылдағы қателіктерге алып келеді.

Команда немесе бұйрық беру алдында командир «тік тұр» қалпын қабылдауы керек. Бұл бағыныстыларда тәртіппен сапқа деген құрметті қалыптастырады.

Саптық тәсілдерге оқыту келесі реттілікпен жүргізілуі керек:

- 1) тәсілмен таныстыру;
- 2) тәсілді үйрету;
- 3) жаттығу.

Тәсілмен таныстыру үшін командир:

1) тәсілді атауы және оның қайда және қандай мақсатта қолданылатынын көрсетуі;

2) тәсіл орындалатын команданы беруге;

3) толықтай тәсілдің қалай орындалатынын қатаң түрде Саптық жарғыға сәйкес көрсету, содан кейін баяу қарқынмен бөлінулер бойынша оны жүзеге асыру тәртібін қысқаша түсіндіре отырып көрсетуі тиіс.

Тәсілмен танысуға аз ғана уақыт жұмсалуды керек. Саптық тәсілдің күрделілігіне байланысты оны үйрету жүргізіледі:

–толықтай, егер тәсіл күрделі емес болса;

–бөлінулер бойынша, егер тәсіл күрделі болса;

–дайындық оқу жаттығуларының көмегімен, егер тәсіл күрделі және оның жекелеген элементтерін игеру қиын болса.

Тәсілмен танысу үшін сабақ жетекшісі білім алушыларға оның орындалу ретін толығымен, содан кейін элементтер бойынша (бөлінулер бойынша), өзінің іс-қимылдарын түсіндіре отырып үлгілі түрде көрсетеді.

Тәсілдің немесе іс-қимылдың әрбір элементін (егер тәсілді орындау қиын болса) зерделеу де көрсетуден және қысқаша түсіндіруден басталады.

Көрсетілім кезінде білім алушыда тәсілдің немесе іс-қимылдың (оның элементтері) көрнекі бейнесі қалыптасады, сондықтан көрсетілім мінсіз болуы керек.

Анық, дұрыс және тартымды орындалған тәсілдер мен іс-қимылдар білім алушыларда әрқашан ерекше әсер қалдырады және оларды көрсетілгендей етіп орындауға ықыластарын тудырады.

Көрсетілімді әрқашанда қысқаша түсіндірумен бірге ілестіріп отыру керек. Зерделенетін тәсіл немесе іс-қимыл туралы толықтай және дұрыс ұғым қалыптастыру үшін көзбен көріп ұғыну жеткіліксіз, зерделенетін тәсіл немесе іс-қимылды түсіну керек.

Түсіндіру зерделенетін саптық тәсіл немесе іс-қимылдың көрсетілім кезінде игерілуі қиын тұстарын ашуға мүмкіндік береді. Ол білім алушыларды көрсетілетін нәрсеге немесе саптық тәсілді немесе іс-қимылды дұрыс орындалуы неге тәуелді екендігіне бағдарлайды [1].

Саптық тәсіл немесе іс-қимылмен танысқаннан кейін бүтін іс-қимыл ретінде дағдыны қалыптастыру процесі бір-бірімен байланысты үш негізгі кезеңді қамтиды:

бірінші кезең тәсіл немесе іс-қимылды (күрделі) элементтерге бөлшектеу және тәсіл немесе іс-қимылды элементтер бойынша орындаудан тұрады.

екінші кезең элементтерді біртіндеп топтастыру, содан кейін біртұтас біріктіру.

үшінші кезең тәсіл немесе іс-қимылды орындау дағдыларын қалыптастыруға саяды. Бірнеше рет қайталау (оқу-жаттығу) арқылы тәсілді орындау автоматты күйге келтіріледі. Бұл ретте командир барлық тәсілдердің дұрыс, жылдам, тартымды және анық орындалуына қол жеткізуі керек.

2. САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1 Сабаққа дайындық

Командирдің саптық дайындық пен тәрбие мәселесін сапалы шешуін қамтамасыз ететін педагогикалық қызметінің маңызды элементі – сабақ өткізуге жалпы және тікелей дайындық болып табылады [2].

Жалпы дайындық мыналарды қамтиды:

–оқу процесінің міндеттерін, мазмұнын және ұйымдастырылуын анықтайтын жетекші құжаттарды зерделеу;

–бұйрықтарды, ұйымдастырушы-әдістемелік құралда, бағдарламаларды, тақырыптық жоспарларды білу.

Бұл командирге оқытудың түпкі мақсатын көруге, білім, дағды және шеберліктердің жалпы көлемін бажайлауына, бастыны бөліп көрсетуге, және сол арқылы пәнді оқудағы мақсаттылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тікелей дайындық мыналарды қамтиды:

–алдағы болатын сабақтың мазмұнын түсіну, оның бөлімше жеке құрамын оқытудағы орнын анықтау және осы тақырып бойынша өткен алдыңғы сабақтың нәтижелерін талдау;

–негізгі оқу мақсаты пен нақты оқу-тәрбиелік міндеттерді анықтау;

–сабақтың құрылымын, оның негізгі сұрақтарын анықтау, оны зерделеуге қажетті уақытты анықтау, сонымен қатар сабақты қамтамасыз ету үшін сәйкес материалды таңдау;

–сабақтың жеке бөліктерін оқыту әдістерін таңдау (сабақ сұрақтарын элементтер бойынша пысықтау кезінде);

–сабақты материалдық қамтамасыз етуді дайындау;

–сабақтың жоспар-конспектісін әзірлеу;

–сабаққа жетекшінің көмекшілерін дайындау.

Жоспар-конспект – оқытушы мен білім алушылардың бірлескен іс-қимылының сипатын анықтайтын, алдағы болатын сабақтың үлгісі. Сонымен бірге конспект командирге өзінің педагогикалық қабілеттерін белсенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Сабақты дұрыс өткізу үшін командирге терең теориялық білім жеткіліксіз. Ол әдістемелік шеберлікті жүйелі түрде жетілдіріп отыруы қажет. Саптық дайындық бойынша әдістемелік шеберлікті арттырудың негізгі нысандары оқу-әдістемелік жиындар кезінде, сержанттарды командирлік оқыту күндерінде және командирдің жоспары бойынша сабақтарға дайындық кезінде өткізілетін көрсетілім, нұсқау-әдістемелік сабақтар мен нұсқаулар болып табылады. Сонымен қатар командирлердің білімі, олардың дағдылары мен шеберліктері білім алушылармен өткізілетін барлық сабақтарда және өз бетінше жетілдіріліп отырылады.

2.2 Көрсетілім сабақтары

Көрсетілім сабақтары оқытуды ұйымдастыру мен әдістемесі бойынша ортақ көзқарасқа қол жеткізу мақсатында бірыңғай ұстанымды қажет ететін аса күрделі тақырыптар немесе жеке сұрақтар бойынша факультет ауқымында өткізіледі.

Көрсетілім сабақтары әр түрлі бағытта

болуы мүмкін. Олардың кейбіреулері тек қана әдістемелік сипатта болады және басты назар командирдің қарамағындағыларды қалай оқытуы керек екеніне аударылады. Командирлер білім алушыларды берілген тақырып бойынша оқытудың ең қолайлы әдістерін меңгереді және бағдарламада белгіленген уақытта қандай нәтижеге қол жеткізуге болатынын анық көреді. Басқалары оқу нәтижелерін көрсетуге немесе белгілі бір сабақ барысында қандай нәтижеге жету керектігін көрсетуге арналған. Мұндай сабаққа топ алдын ала дайындалады.

2.3 Нұсқау-әдістемелік сабақтар

Саптық оқытудың негізгі әдістерінің бірі жаттығу болып табылады, оның тиімділігі ең алдымен оқу-жаттығуларды жүргізетін командирлердің жеке дайындығына және әдістемелік шеберлігіне байланысты болады. Жаңа тақырыпты пысықтау алдында командирлердің әдістемелік шеберлігін арттыру мақсатында олармен нұсқау-әдістемелік сабақтар өткізген жөн.

Мұндай сабақтардың жетекшілері, әдетте, арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы болып табылады. Нұсқау-әдістемелік сабақтарда, көрнекі сабақтарға қарағанда офицерлер саптық тәсілдерді пысықтауда білім алушылар ретінде қатысады және сабақ жетекшілері ретінде де әрекет етеді.

Нұсқау-әдістемелік сабақтарда офицерлердің Саптық жарғы ережелерін білуі және бағыныштыларға үйрететін саптық тәсілдерді өздерінің іс жүзінде орындау қабілеттері тексеріледі. Сонымен қатар оларға осы тақырып бойынша оқытудың әдістемесі көрсетіледі. Сондықтан да сабақтар

жеке құраммен өткізілетін сабақтардан үш-бес күн бұрын өткізіледі.

Нұсқау-әдістемелік сабақтарды келесідей реттілікпен өткізу ұсынылады:

–сабақ жетекшісі сыртқы келбетін, пысықталатын тақырып көлеміндегі жарғылық ережелерді білуін тексереді, саптық есепті жүргізеді және сабаққа қатысушылардан бөлімше (взвод) құрады;

–құрылған бөлімшемен (взводпен) жетекші саптық тәсілдерді оқыту әдістемесіне, білім алушылардың осы тәсілдерді үлгілі орындауына және білім алушылардың іс-әрекетінде жиі кездесетін қателіктерге назар аударатырып, сабақ жүргізеді;

–білім алушылар саптық тәсілдерді үлгілі орындап, оқыту тәсілдерін меңгергеннен кейін командир жаттығуға және сабақтарды өткізуге көшеді, ол үшін ол қатысушылардың арасынан сабақ жетекшілерін кезекпен тағайындайды, ол қалғандарымен көрсетілген оқыту әдістерін қолдана отырып саптық тәсілдердің біреуін пысықтайды.

2.4 Нұсқаулар

Алдағы өтетін сабақ жетекшілерін нұсқау олардың әскери дайындық бағдарламасының әдістемелік құралда, жарғылық ережелерді, тақырыптың мазмұнын және пысықталатын оқу сұрақтарын, жоспар-конспектіні жасау тәртібін және оқу уақытын бөлу тәртібін білуін тексеруден басталады. Нұсқауда саптық тәсілдерді, іс-қимылдарды жасауды көрсету техникасына және тәжірибелік жаттығуға ерекше назар аударылады. Бұл әдіс сержанттарды сабақ өткізуге дайындауда кең қолданысқа ие болды. Нұсқау, әдетте, алдағы сабақ өтетін жерде – саптық алаңда (алаңда)

ертерек өткізіледі, бұл нұсқаудан кейін білім алушылар командир атап өткен кемшіліктерді жоюға және алдағы сабақтарға сапалы дайындалуға мүмкіндік алу үшін жасалады.

Нұсқау сабақтарға әдістемелік дайындалудың басқа нысандары мен әдістерінен ұтымды ерекшеленеді және бірқатар артықшылықтарға ие:

- оны жеке де, білім алушылар тобымен де жүргізуге болады;

- ол жеделдігімен ерекшеленеді, атап өтілген кемшіліктерге, туындаған жаңа міндеттерге тез, дереу дерлік жауап беруге мүмкіндік береді;

- нұсқау уақыт бойынша ұзақ емес және көбінесе 15-20 минутқа созылады, оның барысында білім алушыларға ең қажетті әдістемелік кеңестер беріледі және бұрын анықталған немесе жаңа ғана байқалған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар беріледі;

- оқытудың басқа нысандары мен әдістеріне қарағанда, нұсқау мақсаттылық сипатқа ие; ол әрқашан міндеттерді шешу үшін нақты жағдайда жүзеге асырылады.

Саптық дайындық бойынша келесі сабаққа дайындық, әдетте, өздігінен немесе топ командирлерінің бірінің жетекшілігімен өзіндік дайындық сағаттарында жүзеге асырылады.

3. ЖЕКЕ САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Саптық дайындық – бұл таза тәжірибелік іс. Мұнда әрбір тәсілді бірнеше рет қайталанатын оқу жаттығулар арқылы пысықтау керек, және оны болашақта жалғастыра беру керек, әйтпесе оны жүзеге асыру кезінде бұрын ие

болған дағдылар, орындаудың нақтылығы мен тартымдылығы жоғалады.

Орнында тұрып жасалатын саптық тәсілдерді зерделеу бойынша сабақтар жазылған сапта, ал қозғалыста – ұлғайтылған қашықтықта жүргізілуі керек, осылайша бөлімше бастығы әрбір тыңдаушының іс-қимылындағы қателер мен дәлсіздіктерді анық көре алады. Жеке саптық дайындық арнайы жабдықталған алаңда немесе саптық алаңда өткізілуі керек.

Тыңдаушыларды қарумен саптық тәсілге үйрету қарусыз өткізілетін әдістер арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте командир әрбір сабақтың басында қарудың оқталып тұрмауын қарауға, белдіктің бекітпесінің дұрыстығын тексеруге міндетті.

3.1 Саптық тәсілдер және қарусыз қозғалыс жасау

Саптық жарғының негізгі ережелерін сәтті игеру үшін және әртүрлі саптардағы шебер іс-қимылдар үшін, ең алдымен, саптың барлық элементтерін, командаларды орындау тәртібін және тыңдаушылардың сапқа тұру алдындағы және саптағы міндеттерін білу қажет.

Тыңдаушыларды саптық дайындыққа оқыту ҚР ҚК Жалпы әскери Жарғысының 35-б. «Командирлердің жалпы міндеттері» талаптарын зерделеуден басталуы керек, оларды тыңдаушылар жатқа білуі, және әрқашанда анық және дәл орындауы тиіс [3].

Білім алушылардың сапқа тұруы, қозғалысы, бағытын өзгерту және басқа да іс-қимылдары командалар, бұйрықтар және бұйырулар бойынша жасалады. Сондықтан командир саптық дайындықты оқытуды тыңдаушыларға сапты басқару командирлік дауыспен,

сигналдарымен берілетін командалар және бұйрықтармен жүзеге асырылатынын, сондай-ақ техникалық және жылжымалы құралдардың көмегімен берілетінін түсіндіруден бастауы керек.

Командалар алдын ала берілетін және орындалатын болып бөлінеді, бірақ тек орындалатын командалар болуы мүмкін. Алдын ала берілетін команда сапта тұрғандар командирдің олардан қандай іс-қимылдарды талап етіп тұрғанын түсіну үшін нық, дауыстап және созылмалы беріледі.

Кез келген алдын ала берілетін команда бойынша сапта және саптан тыс жерде тұрған тыңдаушылар «тік тұр» қалпын қабылдап, қозғалыс кезінде аяғын орнықтырақ қояды.

Орындалатын команда үзілістен кейін, дауыстап, буындалып және нық беріледі. Орындалатын команда бойынша оны шұғыл және нақты орындау жүргізіледі.

Алдын ала берілетін командада жеке тыңдаушының немесе бөлімшенің назарын аудару үшін қажет болған жағдайда тыңдаушының аты мен тегі немесе бөлімшенің аты аталады, мысалы: **«Взвод – ТОҚТА»**, **«Екінші бөлімше, Адым – БАС»**, **«Тыңдаушы Ахметов, Артқа – БҰРЫЛ»** және т.б.

Командалар берген кезде дауыс саптың еніне және тереңдігіне сәйкес келуі тиіс, ал баяндау анық, дауысты күрт көтерместен айтылады.

3.2 Сап

Саптық дайындық бойынша бірінші сабақта сап элементтерін көрсету, жарғылық анықтамаларды беру, сап элементтерінің мақсаты туралы және сапты басқарудың негізгі командалары туралы айту керек.

Сап – тыңдаушылардың, бөлімшелер мен бөлімдердің жаяу тәртіпте және машиналарда олардың бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін Жарғымен белгіленген орналасуы

Қатар – тыңдаушылардың бір сызық бойына бірі екіншісінің қасына орналасатын сабы.

Қаптал – саптың оң (сол) жақ шеті. Бұрылған кезде сап қапталдарының атаулары өзгермейді.

Маңдайшеп – саптың тыңдаушылар тіке қарап тұрған жағы (машиналардың - алдыңғы бөлігі).

Саптың тыл жағы – маңдайшепке қарама-қарсы жағы.

Аралық – маңдайшеп бойынша тыңдаушылар (машиналар), бөлімшелер мен бөлімдер арасындағы қашықтық.

Командир қазір тыңдаушылар тұрған жинақталған сапта қатар тұрғандардың шынтағы арасындағы аралық алақанның еніне тең болуы керек екендігіне назар аудартуы қажет.

Арақашықтық – тыңдаушылар (машиналар), бөлімшелер мен бөлімдер арасындағы түпкі жаққа қарай қашықтық

Саптың ені – қапталдар арасындағы қашықтық.

Екі қатарлы сап – бір қатардағы тыңдаушылар бір адым арақашықтықта (қолын созып, алдында тұрған әскери қызметшінің иығына алақанын салып) басқа қатардағы әскери қызметшілердің ту сыртына қарай орналастырылған сап.

3.3 Саптық қалып

Білім алушыларды саптық қалыпқа үйрету үшін командир бөлімше (топты) бір қатарға тұрғызады және сап ортасының алдына шығып, саптық қалыпты қалай қабылдау керектігін көрсетеді.

Сабақты бастап, командир тыңдаушыларды үлгілі көрсету арқылы саптық қалып элементтерімен таныстырады. Бұл ретте тыңдаушылар көрсетілім барысында командирді алдыңғы және бүйір тұсынан көріп тұруы керек. Содан кейін командир саптық қалып қандай жағдайларда қабылданатынын айтып, бұйрық беру және қабылдау кезінде, тыңдаушылардың бір-біріне жүгінуі кезінде саптық қалыпты дұрыс қабылдауына ерекше назар аударады. Көрсетілімді аяқтағаннан кейін командир бөлімшені жазып, тыңдаушыларға саптық қалыпты қабылдауға мүмкіндік береді, ал өзі әрбір білім алушыны тексеріп, жіберген қателерін жоюға тырысады. Содан кейін командир саптық қалыпты элементтер бойынша үйретуге кіріседі.

Дайындық оқу жаттығуын жасау **«Аяқтың ұшын қос, жаса – БІР, аяқтың ұшын аш, жаса – ЕКІ, аяқтың ұшын қос, жаса – БІР»** т.б. командасы бойынша жүзеге асады.

Командалар берген кезде командир аяқ ұшын ажыратудың енін қадағалайды және тыңдаушылар жіберген қателерді көрсетеді. Алдымен жалпы командалық басқару бойынша жаттығулар бірнеше рет орындалады, содан кейін командир әрбір тыңдаушының жаттығуды орындауын тексереді. Осыдан кейін ол тағы да өздігінен

жаттығуды бастауға бұйрық береді. Жаттығуды бірнеше рет орындау керек, содан кейін аяқ ұшы сызықтан ауытқыған жоқ па, соны тексеру қажет. Өзіндік дайындық кезінде командир әрбір білім алушыны кезекпен тексеріп, олардың жіберген қателіктерін жоюға ұмтылады.



Жеке жаттығудан кейін командир жұптық жаттығуларға кірісе алады, ол үшін бөлімде бірінші және екіншіге санау жүргізіп, команда береді: **«Бірінші сандар солға, ал екіншісі оңға»**, содан кейін **«Бірінші сандар тексереді, екіншісі орындайды – жұптық жаттығуға – КІРІС»**, ал өзі жаттығу барысын қадағалап, тыңдаушылардың жіберген қателерін түзетіп, тыңдаушылар мен жетекшілерді мезгіл-мезгіл алмастырып отырады.

Содан кейін командир екінші дайындық жаттығуын көрсетеді – денені біршама алға ұстап, ішті тартып, иықтарды артқа жазу және екі жанына тиетіндей етіп қолдарды төмен түсіріп кеудені шамалы көтеру. Бұл жаттығу алдыңғы жаттығудағыдай реттілікпен орындалады. Командир тыңдаушыларға бұл жаттығуды бастағанда, терең тыныс алу және кеудені осы қалыпта ұстап тұру, дем шығару және кеудені жоғары көтеріп тыныс алуды жалғастыру керектігін түсіндіреді. Кеуде қуысын көтеріп, денені біршама алға ұстау және ішті тарту, ал иықты жазу керек. Бұл кезде алақанды ішке қаратып қолдар екі жанында және жамбастың ортасында болатындай етіп төмендетіледі, ал саусақтар жартылай бүгіліп, жамбасқа тиуі тиіс. Дененің шамалы алдыға берілуінің дұрыстығын тексеру үшін аяқтың ұшына көтеріліп, содан кейін дененің көлбеуін өзгертпестен, бүкіл табанға төменге түсу қажет.

Бұл дайындық жаттығуын үйрену келесі команда бойынша орындалады **«Кеудені көтер, ішті тарт, иықты жаз, денені алға ұста, жаса – БІР, бастапқы қалыпты қабылда, жаса – ЕКІ»**. Оқу-жаттығу бөлімшедегі әрбір тыңдаушы дұрыс саптық қалыптағы дене жағдайының еркін күйдегі жағдайдан айырмашылығын сезінгенге дейін орындалады.

Бұл жағдайлар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін айнаны пайдалану керек немесе бір қатарды екіншісіне қарсы қою керек, содан кейін команда беру керек **«Бірінші сандар – еркін тұр, екінші сандар – кеудені көтер»**. Бірінші сандар үшін дәл осы команда қайталанады, ал екінші сандар **«еркін»** күйде тұрады. Бұл

оқу жаттығуды бірнеше рет орындағаннан кейін тыңдаушылар саптық қалыптың «еркін тұр» күйінен айырмашылығы бар екеніне көз жеткізеді.

Екінші дайындық оқу жаттығуын пысықтау кезінде командир білім алушылар саптық қалыпта бастарын қалай ұстау керектігін көрсетеді. Бастың дұрыс қалпын тексеру үшін саптық қалыпты қабылдап, басын төмен түсірмей, өз алдына төмен қарау керек. Бастың дұрыс орналасуы жағдайында тыңдаушы сап алаңында өзінен екі-үш адым қашықтықтағы ең жақын нүктені көруі керек, білім алушының басының кез келген басқа күйде орналасуы дұрыс емес болып табылады. Командир тыңдаушылардың назарын дұрыс саптық қалыпта кеуде әрқашан иектен біршама алда болатынына аудартады.

Дайындық жаттығуларын пысықтағаннан кейін командир саптық қалыптың барлық элементтерін толықтай жаттықтыруға кіріседі, ол үшін ол **«САПҚА ТҰР»**, **«ТІК ТҰР»** немесе басқа командалар, мысалы: **«Екі адым алға (артқа), адым – БАС»**. **«Тыңдаушы Кизиллов, бір адым алға, адым – БАС»** т.б. береді.

Саптық қалыптың дұрыс орындалуын тексеру үшін жаттығу кезінде тыңдаушыларға аяқтың ұшына тұруға бұйрық беру керек. Егер саптық қалып дұрыс қабылданса, бөлімшенің барлық тыңдаушылары алға иілмей, команданы оңай орындайды. Саптық қалыптың дұрыстығын аяқтың ұшын көтеру арқылы тексеруге болады. Командир команда береді **«Аяқтың ұшын көтер, жаса – БІР»**. Дұрыс саптық қалыпты қабылдағандар аяқтың ұшын көтере алмайды.

Бөлімшелер бойынша саптық қалыпты қабылдауды үйрете отырып, командир тыңдаушыларды тәсілді қабылдауды тұтастай орындауға жаттықтырады, ол үшін ол командалар береді, мысалы: **«Бөлімше, бір қатарға – САПҚА ТҰР»** немесе **«Бөлімше – ТІК ТҰР»**. Білім алушылар командаларды орындап, саптық қалыпты қабылдайды, ал командир олардың іс-қимылдарын бақылап, жіберген қателіктерін жоюға ұмтылады.

Білім алушылар саптық қалыпты қабылдауды үйренгеннен кейін командир оларды **«Еркін»** және **«Реттел»** командаларын орындауға үйретеді. **«Реттел»** командасының алдында әрқашан **«Еркін»** командасын беру керек.

«Еркін» командасы бойынша еркін тұрып, оң немесе сол тізені бос ұстау, бірақ орнынан кетпеу, назарды әлсіретпеу және сөйлеспеу керек.

«Реттел» командасы бойынша саптағы өз орнын тастамай, еркін тұрып, қаруды, киім-кешек пен жабдықты түзеуге; ақырын сөйлеуге рұқсат беріледі.

Командир **«Еркін»** командасын қате орындағандарға ескерту жасап және жаттығу үшін бірнеше рет **«Еркін»** командасын қайталап беріп, оны орындауға үйретеді. Осылайша, **«САПҚА ТҰР»**, **«ЕРКІН»**, **«РЕТТЕЛ»** командаларын қайта-қайта беру арқылы командир олардың дұрыс және дәл орындалуына қол жеткізеді. Болашақта барлық сабақтарда саптық қалыпты орындау және **«Еркін»** және **«Реттел»** командалары бойынша іс-қимылдарды орындау дағдылары жетілдіріліп отырылады.

3.4 Орнында бұрылулар

Командир орнында бұрылулар барлық сабақтарда, бастыққа келгенде және одан кеткенде, сондай-ақ сабақтағыдай бөлімшелерді сапқа қоюда және сапқа тұрғызу мен қозғалыста жеке тыңдаушылармен орындалатынын түсіндіреді.



Орнында бұрылуға үйрету саптық қалыпты пысықтағаннан кейін басталады, өйткені тек соның негізінде ғана бұл тәсілдерді дұрыс меңгеруге болады. Алдымен оңға, солға (j шеңбері үшін) және артқа бұрылуды (S шеңбері үшін) пысықтау керек, содан кейін жарты айналым оңға және жарты айналым солға бұрылуларды (шеңбердің $1/8$) жасау керек .

Орнында бұрылуды үйрету үшін командир сап алаңының периметрі бойынша бөлімшені сапқа тұрғызады

(төрт адымдық аралықпен бір қатарға) және саптың ортасына шығып бұрылуды жарғылық қарқынмен тұтастай көрсетеді.

Бөліктер бойынша мысал келтіре отырып, артқа және солға бұрылулар сол қол жаққа қарай сол өкшемен және оң аяқтың ұшымен, ал оңға бұрылулар – оң қол жаққа қарай оң өкшемен және сол аяқтың ұшымен жасалатынын түсіндіреді.

Барлық бұрылулар екі есепте орындалады: бірінші есепте дененің дұрыс қалпын сақтай отырып және тізелерді бүкпей бұрылу керек, дененің салмағын алдыңғы тұрған аяққа түсіру керек, екінші есеп бойынша – қысқа жолмен екінші аяқты қою керек.

Бөлінулер бойынша тәсілді көрсетіп, командир команда береді: **«Бөлінулер бойынша оңға, жаса – БІР, жаса – ЕКІ».**

Командир бірінші есеп бойынша білім алушылар оң қол жаққа қарай оң өкшемен және сол аяқтың ұшымен лезде бұрылып, саптық қалыптағыдай дене қалпын сақтап, тізелерді бүкпей, дененің салмағын алдыңғы тұрған аяққа түсіруін бақылайды.

«Бір» есебі бойынша элемент дұрыс емес немесе анық емес орындалған жағдайда **«ТОҚТАТ»** командасы беріледі.

«Жаса – ЕКІ» есебі бойынша сол аяқты тізеден бүкпей ең қысқа жолмен қою.

Бөлінулер бойынша оңға бұрылуды үйреткеннен кейін командир оны тұтастай үйретуге кіріседі. Мұны істеу үшін ол **«оңға»** командасын береді және оны дауыстап **«БІР, ЕКІ»** есебімен сүйемелдейді.

Тәсілді зерделеуді білім алушылардың өздерінің дауыстап санауы немесе барабан сүйемелдеуімен жалғастыруға болады.

Бұрылуды зерделеу кезінде оның аяқтың көмегімен ғана емес, сонымен қатар дененің бұрылу бағыты бойынша күрт қозғалу арқылы, саптық қалыптың барлық ережелері сақтала отырып жүзеге асырылатынына назар аудару керек.

Оңға бұрылуды орындау жаттығуларын аяқтаған командир алдымен жалпы, содан кейін бөлінулер бойынша солға бұрылуды көрсетеді. Солға бұрылу да екі есепте орындалады.

«Бөлінулер бойынша сол-ға, жаса – БІР» командасы бойынша білім алушылар, дене салмағын сол аяққа түсіріп, дененің дұрыс қалпын сақтап, тізелерді бүкпей және бұрылу кезінде қолды сермемей сол өкшемен және оң аяқтың ұшымен бұрылуы қажет. **«Жаса – ЕКІ»** есебі бойынша оң аяқты өкшелер бірге болатындай етіп сол аяқ жанына ең қысқа жолмен қою керек.

Солға бұрылуды зерделеп болған соң командир артқа бұрылуды оқытуға кіріседі. Ол тәсілді тұтастай, содан кейін екі есепке бөлу арқылы көрсетеді. Одан әрі командир бұрылу **«Артқа БҰРЫЛ»** командасы бойынша солға бұрылу сияқты орындалатынын, тек айырмашылығы дене 180 градусқа айналатындығын түсіндіреді.

«Бөлінулер бойынша, артқа бұрыл, жаса – БІР» командасы бойынша тізелерді бүкпей, дене салмағын сол аяқтың өкшесіне түсіріп, денені сәл алға беріп сол өкшемен және оң аяқтың ұшымен күрт бұрылу керек. Артқа бұрылу кезінде дене айналасында қолмен сермеуге рұқсат етілмейді. Артқа бұрылуды үйрету кезінде командир тыңдаушының артқы аяғын мерзімінен бұрын жерден көтермеуін, ал бұрылу кезінде дененің теңселіп, қолдарын сермеуіне жол бермеуін мұқият қадағалауы керек.

Оң-Ға, Сол-Ға, Артқа БҰРЫЛ – бұрылуларын жасап жаттығу толық игергенге дейін дербес, жұппен және бөлімше құрамында жүргізіледі.

Егер тыңдаушы қатені қайталаса, онда командир оны саптан шығарады, қатесін көрсетеді, командалар береді, команданы орындау барысында барлық қате әрекеттерді жоя отырып, оны жаттықтырады.

Осы уақытта сапта тұрғандар командирдің бұйрықтары бойынша тәсілді білім алушымен қатар орындайды. Қателік жіберген тыңдаушыны үйрету аяқталғаннан кейін командир оған сапқа тұруды бұйырады және саптан келесі тыңдаушыны үйретуге шақырады.

3.5 Саптық адыммен қозғалыс жасау

Саптық адым – ең күрделі және үйренуге қиын саптық тәсілдердің бірі болып табылады, оны орындау білім алушылардан ерекше жинақылықты, ықшамдылықты, нақтылықты, қол мен аяқтың үйлесімді қозғалысын талап етеді.

Саптық адым бөлімшелер салтанатты шерумен өткен, олар қозғалыста әскери сәлемдесуді орындаған, тыңдаушы бастыққа жақындаған және одан алыстаған, саптан шыққан және сапқа қайтып тұрған кезде, сондай-ақ саптық даярлық бойынша сабақтарда қолданылады.

Саптық адыммен қозғалысты үйретуде келесідей реттілік ұсынылады:

- қол қозғалысын жаттықтыру;
- орнында тұрып адымды жасауға жаттықтыру;
- төрт есепке саптық адыммен қозғалысты жаттықтыру;
- екі есепке саптық адыммен қозғалысты жаттықтыру;

- баяу қарқынмен (минутына 50-60 адым жылдамдықпен) саптық адыммен қозғалысты жаттықтыру;
- сап алаңындағы белгілеулер бойынша жарғылық қарқынмен саптық адыммен қозғалысты жаттықтыру;
- сап алаңында белгілеусіз саптық адыммен қозғалысты жалпы жаттықтыру;
- сынақтарды қабылдау.



Саптық адымды дайындық жаттығуларын қолдана отырып, элементтер бойынша үйрену ұсынылады.

Қозғалысты тұтастай саптық адыммен көрсетіп, командир бөліну бойынша бірінші дайындық жаттығуын – қолдың қозғалысын көрсетеді, содан кейін **«Қол қозғалысын, жаса – БІР, жаса — ЕКІ»** командасын береді. **«Жаса – БІР»** есебі бойынша тыңдаушылар оң қолды қол білегі белдік тоғасынан жоғары алақанның енінде және денеден алақан аралығына көтерілетіндей етіп шынтақтан бүгіп, иықтан бастап дене айналасында

қозғалыс жасау керек, бір уақытта сол қолды иық буынындағы шегіне дейін артқа жазу қажет. Қолдың саусақтары жартылай бүгіліп, оң қолдың шынтағын сәл көтеру керек. **«Жаса – ЕКІ»** есебі бойынша білім алушылар сол қолмен алға қозғалыс жасап, оң қолды иықтан бастап, шегіне дейін артқа жазу керек.

Әр есептен кейін командир тыңдаушылардың қолдарын ұстауы жағдайында тоқтатып, олар жіберген қателерін түзетеді. Тыңдаушылардың көпшілігінің тәсілді қате орындауы жағдайында, ол **«ТОҚТАТ»** командасын береді, ал егер бір ғана тыңдаушы қателессе, мысалы, **«Тыңдаушы Ахметов – ТОҚТАТ»** командасын береді.



Командирдің командасы бойынша бөлінулер бойынша қолға арналған жаттығуларды үйренгеннен кейін, тыңдаушылардың өз есебі немесе барабан сүйемелдеуімен үйренуге көшуге болады. Бұл жаттығуды қиындату үшін кейіннен оған орнындағы адымды жасау қосылады.

Орнындағы адымды жасау команда арқылы орындалады **«Орнында адым – БАС»** командасы бойынша жасалады. Бұл команда бойынша тыңдаушылар аяғын жерден 10-15 см жоғары көтеріп, оны толық табанмен жерге түсіру керек.

Орнында тұрып адым жасау үшін қолға арналған оқу жаттығуын пысықтау үшін **«Орнында тұрып адыммен қол қозғалысын, жаса – БІР, жаса – ЕКІ»**. Жаттығу кезеңінде қолдың дұрыс қозғалысы мен орналасуына ерекше назар аударылады.

Орнында тұрып адым басуда қолдың дұрыс орналасуын игергеннен кейін командир келесі дайындық жаттығуларын үйретуге кіріседі – бөлінулер бойынша төрт және екі есепке саптық адыммен қозғалыс жасау.

Төрт есепке дайындық жаттығуын көрсетіп, командир бөлімшені төрт адымға жазып, оны оңға бұрып команда береді: **«Саптық адыммен, бөлінулер бойынша төрт есеппен, адым – БАС»**. **«БАС»** командасынан кейін санайды: **«БІР, екі, үш, төрт: БІР, екі, үш, төрт»** және т.с. **«Бір»** есебі қатты дауыспен беріледі.

Алдын ала берілетін **«Адым»** командасы бөлімше тыңдаушылары дене салмағын көбіне оң аяққа ауыстырып, орнықтылықты сақтай отырып, денені сәл алға ұстайды. **«БАС»** орындалатын командасы бойынша және **«бір»** есебі бойынша олар қозғалысты сол аяқтан, толық адыммен, аяқтың ұшын созып (аяқ табанын жерге параллель ұстап) аяқты жерден 10-15 см биіктікке алға көтеріп бастап, оны табанға нық түсіру керек, бір уақытта оң аяқты жерден көтеріп, оны алға сол аяқтың өкшесіне дейін жарты адымға тарту керек. Адыммен бір уақытта білім алушылар оң қолымен алға, ал сол қолымен артқа шегіне дейін, сол аяқта қолдарын төмен түсірген күйінде тұрып, оң аяқ түзу, ұшы жерге тиетіндей күйде қозғалыс

жасайды. **«Екі, үш, төрт»** есебі бойынша ұстап тұрып, осы уақытта жіберілген қателерді жояды.

Келесі **«бір»** есебі бойынша қозғалыс оң аяқтан қайталанады, ал **«екі, үш, төрт»** есебі бойынша қайтадан ұстап тұрады және т.с.

Дайындық жаттығуын төрт есеппен пысықтау үшін командир осы қозғалысты екі есепке қайталайды, ол үшін **«Саптық адыммен, бөлінулер бойынша, екі есепке, адым – БАС»** командасын береді де: **«бір, екі; бір, екі»** деп санайды және т.с. **«Бір»** есебіне алға адым жасап, **«екі»** есебіне ұстап тұрады.

Бөлімшелер қателессе, жаттығуды төрт есепке қайталау қажет. Содан кейін командир қозғалысты минутына 50-60 адымдық жылдамдықпен саптық адыммен қозғалысты үйретуді бастап, ары қарай қозғалыс қарқынын минутына

92-105 адымға дейін арттырады. Қателерді түзету үшін, саптық адымдағы қозғалыстың толық қарқынынан төрт немесе екі есеппен бөлінулер бойынша қозғалысқа көшу ұсынылады. Бөлімшені жаттықтыру барысында жалпы тәсілді орындауда минутына 92-105 адым қозғалыс қарқынын сақтау қажет.

Командир сап алаңының ортасында орналасып, қажетті командаларды береді. Егер ол ортақ қатені байқаса, бөлімшені тоқтатып, солға бұрады және оны қалай жасау керектігін көрсетіп, жаттығуды жалғастырады. Тек бір тыңдаушы ғана өрескел қателік жіберсе, командир оны саптан бір адым бұйір жаққа шығарып, қасына тұрып қатені жолай түзетеді.

Саптық адыммен қозғалысты үйреткенде тыңдаушылардың қозғалыс кезінде жан-жаққа теңселмеуін камтамасыз ету қажет. Тербелудің себебі – қозғалыс кезінде аяқтың дұрыс тоқтамауы: аяқтарды табанның ішкі жағымен қозғалыс осінің бойымен түсірудің орнына,

оларды екі жаққа қояды, бұл кезде дененің ауырлық орталығы әр адыммен біресе оңға, біресе солға ауысады.

Тыңдаушы саптық адыммен қозғалыс кезінде секіріп жүргендей болса, оған қатесін көрсетіп, дене салмағын серпіліспен емес, бір аяғынан екінші яғына біркелкі алмастыруына қол жеткізу керек. Қозғалыс кезінде аяқтың бірінен соң бірі сырғып кетуіне жол бермеу керек. Әрі қарай, бөлімше (топ) сапында саптық адыммен қозғалысты жаттықтыруға көшу керек. Саптық адыммен қозғалысты үйрету аяқталғаннан кейін командир әрбір тыңдаушыдан сынақ қабылдайды.

Адыммен қозғалыстың қалыпты жылдамдығы минутына 95-105 адым. Адым ұзындығы – 60-70 см. Жүгіре қозғалыс жасаудың қалыпты жылдамдығы минутына 165-180 адым. Адым өлшемі – 85-90 см. Жүгіре қозғалыс **«Жүгіре – БАС»** командасы бойынша басталады.

Орнында адым жасауға үйрету бөліну бойынша екі есепке жүзеге асырылады. **«Жаса – БІР»** – сол аяқты жерден 10-15 см көтеру, оң қолмен қол білегі белдік тоғасынан алақанның енінде жоғары және денеден алақан аралығына алшақ көтерілетіндей қозғала отырып, сол қол – иық буынындағы шегіне дейін артқа жазу керек.

«Жаса – ЕКІ» – есебі бойынша сол аяқтың ұшымен табанға толық қою керек. Қолды түсіру, білекті бүйірге және жамбастың ортасына орналастыру керек.

Команданы қайталау арқылы оң және сол аяқтың (қолдың) сипатталған қалпы кезектесіп пысықталады. Бұл ретте қолдың орналасуына және саптық қалыптың сақталуына ерекше назар аударылады. Егер үйренуші тәсілдерді орындау кезінде қателерге жол беретін болса, үйретуді көрсетілген кемшіліктер жойылғанға дейін жалғастыру керек.

Жаттығу **«Орнында адым – БАС»** команда бойынша жүргізіледі. Орнындағы адымнан адымдық

қозғалысқа көшкенде, сол аяқты жерге түсірумен бір мезгілде (орнында тұрып адым жасауда) **«ТУРА»** командасы беріледі. Бұл команда бойынша білім алушы орнында тағы оң аяқпен бір адым жасап, сол аяғымен толық адыммен қозғалысты бастайды.

«Орнында жүгіре – БАС» командасы бойынша үйренуші аяғын табанның алдыңғы жағына түсіре отырып, қолдарын жүгірудің ырғағына қарай қозғалта отырып, орнында жүгіруді орындайды.

Сол аяқты жерге түсірумен қатар берілетін **«ТУРА»**, командасы бойынша алға қозғалумен жүгіру басталады.

Сапта орнында тұрып қатардағы бүйірге бірнеше адым жасау үшін мысалы: **«Екі адым оңға (солға), адым – БАС»** командасы беріледі; бұл ретте әр адымнан кейін аяқты жерге қойып отыру керек. Бірнеше адымға алға немесе артқа ауыстыру үшін команда беріледі, мысалы: **«Екі адым алға (артқа), адым – БАС»**. Осы команда бойынша екі адым алға (артқа) жасау және аяқты жерге қою керек

Оңға, солға, артқа қозғалғанда қолмен қозғалыс жасалмайды. Қозғалысты тоқтату үшін командалар беріледі, мысалы: **«Бөлімше – ТОҚТА» «Тыңдаушы Кизиллов – ТОҚТА»**.

3.6 Қозғалыста бұрылулар

Бөлімшемен (топпен) қозғалыстағы бұрылуларды үйрену оларды командирдің көрсетуінен басталады. Командир қозғалыста оңға бұрылуды толықтай көрсеткеннен кейін бұрылуды үш есепке бөлу арқылы үйретіледі. Командир: **«Бөліну бойынша, қозғалыста оңға бұрылу: жаса – БІР, жаса – ЕКІ, жаса – ҮШ»**. **«Жаса – БІР»** есебі бойынша қолды адам ырғағына қарай сермеп сол аяқпен алға қарай саптық адым жасап, қолдарды төмен түсірген қалыпта тоқтау керек; **«жаса – ЕКІ»** есебі бойынша сол аяқтың ұшымен бұрылу керек,

бұрылумен бір уақытта оң аяқты алға созу және қозғалысты жаңа бағытта жалғастыру керек; **«жаса - ҮШ»** есебінде сол аяқты қою керек.

Келесі **«жаса – БІР, жаса – ЕКІ, жаса – ҮШ»** есебі бойынша тәсіл басынан бастап қайталанады және т.с.

Жаттығу үшін командир бөлімшені (топты) бірінші және екіншіге есептеп, тыңдаушыларды бір-біріне сегіз адым алшақтықта қарама-қарсы төрт адымдық аралықпен орналастырады, осылайша олардың әрқайсысы сап алаңының ішкі сызықтарында шағын шаршыға қарама-қарсы тұрады. Жаттығу үш адым алға қозғалыспен төрт есепке **«Қозғалыста оңға бұрылу, төрт есепке адым – БАС»** командасы бойынша жүргізіледі, осы командадан кейін **«бір, екі, үш, ТӨРТ»** есебі беріледі. **«Бір, екі, үш»** есебі бойынша тыңдаушылар шаршы сызығы бойынша алға үш саптық адым жасайды, ал **«ТӨРТ»** дауысты есеп кезінде – оңға бұрылып, адым жасайды. Келесі **«бір, екі, үш, ТӨРТ»** есебі бойынша оқу жаттығуы қайталанады. Тыңдаушылар шаршы бойымен 4Х4 адыммен қозғалады. Алдымен қозғалыс қарқыны минутына 60 адым, содан кейін барабан сүйемелдеуімен минутына 95-105 адым болады.

Солға бұрылуды пысықтау алдында командир оның қозғалыста оңға бұрылу сияқты жасалатынын, тек айырмашылығы солға бұрылу төрт адымнан кейін жасалатынын, ал кезекті **«бір»** есебіне оң аяқтың ұшымен бұрылу орындалатынын атап өтеді. Орындалатын команда сол аяқты жерге түсірумен бір мезгілде беріледі.

Жаттығу үшін командир бөлімшені бір адым артқа жылжытып, оны тік төртбұрыштың сыртқы сызығына орналастырады. Бұрылуды орындау **«Қозғалыста солға бұрылу, төрт есепке адым – БАС»** командасымен басталады, содан кейін **«БІР, екі, үш, төрт»** есебі бойынша жүргізіледі, ал келесі **«БІР»** дауысты есеп

бойынша тыңдаушылар бұрылады және адым жасайды, **«екі, үш, төрт»** есебіне қозғалысты жалғастырады.

Жаттығу тыңдаушылардың есептік санауы немесе барабан сүйемелдеуімен аяқталуы мүмкін. Жақсырақ игеру үшін оңға және солға бұрылу жаттығуын сап алаңының кіші және үлкен шаршылары бойымен бірге өткізу ұсынылады, бұл үшін бөлімше тыңдаушылары арасында төрт адымдық арақашықтықпен қозғалады.

Қозғалыстағы артқа бұрылуды үйренбес бұрын командир жеке құраммен Саптық жарғының 31-бабын алдын-ала зерделеуі қажет. Қозғалыста артқа бұрылу аса мұқият дайындықты, ұзақ жаттығуды талап етеді.

Командир тыңдаушылардың назарын қозғалыстағы артқа бұрылу оңға, солға бұрылудан айырмашылығы екі аяқтың ұшымен қозғалыста жасалатынын, бұрылғаннан кейін аяқ әлі ұшында тұрған күйде сол аяқтан басталатынына аударуы қажет. Бұрылудан кейін өкшемен түсуге болмайды.

Командир қозғалыста **«Артқа-бұрылу»** үшін орындалатын **«БАС»** командасы жерге оң аяқты түсірумен қатар берілетінін, одан кейін үш есепке артқа бұрылу орындалатынан түсіндіреді.

Қозғалыстағы артқа бұрылуға үйрету бөлінулер бойынша төрт есепке **«Қозғалыста артқа бұрылу, бөлінулер бойынша: жаса – БІР, жаса – ЕКІ, жаса – ҮШ, жаса – ТӨРТ»** командасы бойынша басталады.

Артқа бұрылу үшін **«жаса – БІР»** есебі бойынша тыңдаушылар сол аяқпен алға бір адым жасайды және осы қалыпта қалады, **«жаса – ЕКІ»** есебімен оң аяқты жарты адым алға және сәл солға шығарады және сол қол жаққа екі аяқтың ұшымен күрт бұрылып, сол қалпында қалады.

«Жаса – ҮШ» есебі бойынша сол аяқпен алға адым жасап, ал **«жаса – ТӨРТ»** есебі бойынша оң аяқты қояды.

Жаттығу сол реттілікпен жаңа бағытта, алдымен командир есебімен, содан кейін дербес білім алушылар есеп санауымен немесе барабан сүйемелдеуімен қайталанады.

Артқа бұрылу кезінде бұрылудың айқындылығына, сондай-ақ қолдың адым ырғағына сай қозғалысына ерекше назар аударылады, яғни **«жаса – ЕКІ»** есебімен алдымен оң аяқты жарты адым алға шығарғанда, сол қолды онымен бірге алға, ал оң қолды артқа жіберу керек. Оң аяқ ұшына дейін түскен кезде қолды түсіру керек. Екі аяқтың ұшында бұрылу басталған сәтте қолдар адымның ырғағына қарай төменде болуы қажет. **«Жаса – ҮШ»** есебі бойынша оң қол алға, ал сол қол артқа жылжи бастайды.

Командир оң аяқты жарты адым алға созуда қолдың мерзімінен бұрын басылмауын мұқият қадағалайды. Командир жаттығу кезінде қозғалыстағы бұрылуды орындауда қол қимылдарының адымның ырғағына үйлесуіне ерекше назар аударады.

Бұл тәсілді жүзеге асыруда жаттығуды **«Үш адым алға қозғалыспен артқа бұрыл, адым – БАС»** командасы арқылы үш адым алға қозғалыс жасаумен кешенді түрде жүргізуге болады, бұнда **«бір, екі, үш»** есебімен алға қарай үш адым жасап, «төрт» есебіне артқа бұрылуға болады.

Сабақты аяқтай отырып, командир бәрінің бір уақытта қозғалысты саптық адыммен жасауын және бұрылуын жаттықтырады. Ол үшін оларды төрт адым арақашықтықпен сап алаңына орналастырады және 30 секунд ішінде команда бойынша осы тікбұрышты өтуіп шығуын бұйырады. Командирдің **«Саптық адыммен – БАС»** командасы бойынша тыңдаушылар қозғалысты бастайды, ал командир оларды бақылайды және 30 секундтан кейін **«ТОҚТА»** командасын береді. **«ТОҚТА»** командасы бойынша тыңдаушылар тоқтайды, ал **«Еркін»**,

«Реттел» командалары бойынша өздері қозғалыс бастаған орынға жеткен-жетпегенін қарайды. Содан кейін бұл жаттығу барабан сүйемелдеуімен қайталанады.

Жүгіре қозғалыс жасау кезінде оңға және солға бұрылу және жартылай бұрылулар адыммен қозғалыс жасау кезіндегі командалар бойынша жүгіру ырғағында екі есепке орындалады.

Жүгіру кезінде артқа бұрылу бір орында жүгіру ырғағымен төрт есебіне сол қол жаққа қарай жасалады.

Қозғалыстағы бұрылу дағдыларын бекіту үшін оларды мерзімді түрде оркестр сүйемелдеуімен таңғы дене жаттығуын жасауға, сонымен қатар арнайы саптық жаттығулар мен ең үздік бөлімше жарысына қосып отыру керек.

3.7 Әскери сәлемдесуді орнында тұрып және қозғалыста орындау

Тыңдаушылардың әскери сәлемдесуі – біздің әскер мен ІІМ органдарының дәстүрлерінің бірі болып табылады. Ол ІІО қызметкерлерінің бір-біріне деген құрметін көрсетеді, тәртіпке баулиды, күнделікті өмірде дұрыс мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады.

Орнында тұрып қарусыз сәлемдесуді пысықтау алдында командир міндетті түрде жеке құраммен Саптық жарғы талаптарын зерделеуі тиіс. Орнында тұрып әскери сәлемдесу ережелерін үйрету бас киіммен және бас киімсіз жүргізіледі. Әрине, командир білім алушылармен алдын ала **«Бас киімді – ШЕШ»**, **«Бас киімді – КИ»** тәсілдерінің орындалуын қайталайды. Команда бойынша сапта бас киімдер киіледі және шешіледі.

Қажет болған жағдайда жеке тыңдаушылар командасыз бас киімдерін шешеді және киеді. Шешілген

бас киім күнқағары мен кокардасы алға қаратылып, сол қолдың шынтағы бүгілген күйде ұсталады.

Қарусыз немесе қарумен «арқаға» күйінде бас киім оң қолмен, ал қарумен «қарубауға», «кеудеге» және «аяққа» күйлерінде сол қолмен шешіледі және киіледі.

Карабинмен «иыққа» күйінде бас киімді шешкен кезде карабин алдын ала «аяққа» күйіне түсіріледі.

Бас киімді шешу тәсілі оны жүзеге асыруда қарапайым болғанымен, оны алдымен бөліп, содан кейін тұтастай үйренген жөн.

Бөліну бойынша тәсілді орындауды үйрену үшін командир **«Бас киімді – ШЕШ»**, бөлімше **«жаса – БІР»**, **«жаса – ЕКІ»**, **«жаса – ҮШ»** командасын береді.

«Жаса – БІР» есебі бойынша оң қолмен бас киімді алып (мысалы, фуражканы күнқағарынан, пилотка мен малақайды жоғарғы бөлігінен) **«жаса – ЕКІ»** есебіне бас киімді шешіп, сәл сол жаққа қарай белдік деңгейіне дейін түсіріп, бір уақытта бас киімді күнқағарынан, пилотка не малақайды алдыңғы тұсынан сол қолдың төрт саусағы сыртта, ал быр саусағы бас киімінің ішінде болатындай сол қолмен қабылдап, **«жаса – ҮШ»** есебі бойынша бас киім бар сол қолды шынтақтан бүгіп, бас киімді кокардасымен алға қаратқан күйі тік бұрышта ұстап, бір уақытта оң қолды түсіру керек.

Бас киімді киюді де алдымен бөлінулер бойынша орындау керек, ол үшін командир **«Бас киімді – ки, бөлінулер бойынша: жаса – БІР, жаса – ЕКІ, жаса – ҮШ»** комадасын береді.

«Жаса – БІР» есебіне бас киім бар сол қолды белдікке қарай алға жылжыту және бір уақытта оны оң қолға беру; **«жаса – ЕКІ»** сол қолды төмен түсіріп, бас киімді киіп, **«жаса – ҮШ»** оң қолды күрт төмен түсіру қажет.

Білім алушыларды бөліну бойынша бас киімді шешуге және киюге үйретуді аяқтағаннан кейін командир тәсілді бүтіндей орындауға жаттықтыруды бастайды, ол үшін келесі командалар беріледі: **«Бас киімді – ШЕШ», «Бас киімді – КИ»**.

Сабақтың соңында тәсілді бөлімше құрамында орындауға болады, ол үшін командир **«Бөлімше, бас киімді – ШЕШ», «Бөлімше, бас киімді – КИ»** командасын береді және бірнеше рет қайталайды.

Орнында тұрып сәлемдесу ережелерін білім алушыларға айтып көрсеткеннен кейін командир оларды бөлімдер бойынша екі есепке орындауды үйретуге кіріседі: **«Орнында тұрып сәлемдесу үшін бастық маңдайшептен (оң жақтан, сол жақтан, артында), бөліну бойынша: жаса – БІР, жаса – ЕКІ»**.

Бастықтың жақындауына бес-алты адым қалғанда **«жаса – БІР»** есебі бойынша тыңдаушылар саптық қалыпты қабылдауы керек, қажет болған жағдайда – аяқтарын қоюмен бірге ол жаққа бұрылып, иекті көтеріп басты жігерлі түрде бастыққа қарай бұрып, оның соңынан басын бұра отырып, оған қарау керек.

Қажет болған жағдайда командир бастықтың солдан оңға (және керісінше) өтетінін айтады. Бұл команда бойынша барлығы бастарын солдан оңға (және керісінше) бұрады, **«жаса – ЕКІ»** есебі бойынша басын тік қойып, **«еркін»** қалпын қабылдайды. Осылайша әр түрлі бағыттан келе жатқан бастыққа сәлемдесу үшін командалар қайталаанады. Бөліну бойынша тәсілді пысықтағаннан кейін командир жұппен оқуды ұйымдастырады, онда бастық орнына маңдайшеп алдында, бүйірден және арттан өтуге тандаушыларды арнайды.

Бас киім киілген болса орнында тұрып құрмет беруге үйрету бөлімдер бойынша бас киімсіз өткізілген тәртіпте орындалады. Бұл ретте тыңдаушыларды алдымен бас

киімге қолды дұрыс апаруға үйрету керек. Ол үшін командир «ТІК ТҰР» қалпын қабылдағаннан кейін оң қолды қысқа жолмен бас киімге апарып, ал бастық жаққа басты бұрған кезде – бір мезгілде артта тұрған аяқты қатар қою керектігін көрсетіп түсіндіреді. Командир тыңдаушылардың назарын оң қол алақанының тік, саусақтар бірге, ортаңғы саусақ бастың самай тұсына емес, бас киімнің шетіне (күнқағарға) тиіп тұратындай болуы, ал шынтақ иық деңгейінде және биіктігінде болуы керектігіне аударады.



Қолды бас киімге апаруды үйрету **«Қолды бас киімге апару және оны түсіру, бөліну бойынша: жаса – БІР, жаса – ЕКІ»** командасы бойынша басталады. **«Жаса – БІР»** есебі бойынша тыңдаушылар жазылған бір қатарлы сапта тұрып, оң қолын бас киімге жігерлі түрде апарып, **«жаса – ЕКІ»** есебі бойынша оң қолын жігерлі түрде төмен түсіреді. Бұл жаттығуды айна алдында жұппен, дербес және барабан сүйемелдеуімен қайталауға болады.

Бөлімдерде жаттығуды үйреткеннен соң командир тыңдаушыларды толықтай сәлемдесуді орындауға жаттықтырады.

Әскери сәлемдесуді қарусыз қозғалыста орындау.

Қарусыз қозғалыста сәлемдесу бірін-бірі кездестіргенде және басып озу кезінде орындалады. Командир алдымен осы тәсілдің орындалуын көрсетеді, ол үшін өзі бастық рөлінде сап алдына тұрады. Командир саптың жанынан әр түрлі бағыттарда сәлемдесуді беріп өтеді. Тәсілді тұтастай көрсетіп, командир қысқаша түсіндірмемен бөлінулер бойынша көрсетеді.

Тыңдаушыларды бас киіммен қозғалыста сәлемдесуге үйрету сегіз есепке жүзеге асырылады.

«**Жаса – БІР**» есебіне сол аяқпен адым жасау және аяқты жерге қоюмен басты бастық жаққа бұрып, бір уақытта қолды бас киімге апару; сол қолды жамбасқа түсіру керек. «**Жаса – ЕКІ**», «**жаса – ҮШ**», «**жаса – ТӨРТ**», «**БЕС**», «**АЛТЫ**» есебі бойынша оң (сол) аяқпен адымдар жасау; бастықтан бір-екі адым өтіп кеткеннен кейін, «**жаса – ЖЕТІ**» есебі бойынша сол аяқты жерге түсірумен бірге басты тік ұстау, оң қолды бас киімнен төмен түсіру керек. «**Жаса – СЕГІЗ**» есебі бойынша оң аяқты сол аяқ жанына қойып, оң қолды жамбасқа түсіру қажет.

Білім алушылар тәсілді дұрыс түсінгеніне көз жеткізгеннен кейін командир бөлімшені бір лекке тұрғызады және тыңдаушылардың өздерінің есеп беруімен немесе барабан сүйемелдеуімен жаттықтыруға көшеді.

Білім алушылар бастыққа бес-алты адым қалғанда сәлемдесуді орындап, одан өтіп кеткеннен кейін бастарын тік ұстап, қолмен қозғалысты жалғастыруды үйренуі үшін оларды «**жаса – ЖЕТІ**» «**СЕГІЗ**» есебіне сәлемдесуге үйрету керек. Демек, тыңдаушы бастыққа бес адым қалғанда сәлемдесуді бастаса, жетінші адымда аяқтайды.

Бастыққа дейін алты адым бұрын оң аяққа сәлемдесуді бастаса, сегіз адым жасау керек. Осы іс-қимылдарға үйрету арқылы, командир тыңдаушылардың қолдарын бастықтың жанында өтіп бара жатқанда және адым ырғағына сай емес түсіру қателерінің алдын алады.

Қозғалыс кезінде тыңдаушылардың сәлемдесу қабілетін тексеру үшін командир бөлімшені бір лекке тұрғызып, команда береді: **«Сәлемдесу үшін, арақашықтық 10 адым, адым – БАС»** және бөлімшені өзінің жанынан өткізеді. Тыңдаушылар кезек-кезек командирдің жанынан өтіп, сәлемдесуді орындайды. Тыңдаушы қателескен жағдайда, командир оны көрсетіп, тәсілді қайталауды бұйырады. Қозғалыс сап алаңында екі жақты бағытта да жүзеге асырылады.

Командир бастық орнында тұрғанда және тыңдаушы жүріп келе жатқан бастыққа қарай қозғалғанда сәлемдесу тәсілін көрсетеді.

Біріншіден, командир бас киімсіз қозғалыста сәлемдесу тәсілін пысықтайды. Тәсілді тұтастай және бөлінулер бойынша көрсете отырып, командир әскери сәлемдесуді саптан тыс қозғалыста бас киімсіз орындау үшін бастыққа бес-алты адым қалғанда аяқты жерге қоюмен бір уақытта қолмен қозғалыс жасауды тоқтатып, басты ол жаққа бұру керек және қозғалысты жалғастыра отырып, оған қарау, бастықтан өтіп кеткеннен кейін басты тік ұстау және қолмен қозғалыс жасауды жалғастыру керек екенін түсіндіреді.

Командир бұл тәсілді зерделеуді төрт-алты есепке бөлуден бастайды. Бастық алдынан келе жатса, тәсіл төрт есепке орындалады; егер ол орнында тұрса, тәсіл алты есепке орындалады. Тәсіл **«Қозғалыста әскери сәлемдесу, бастық оң жақта (сол жақта), бөлінулер бойынша: жаса – БІР, жаса – ЕКІ»** командасы бойынша үйретіледі және т.с.

«**Жаса – БІР**» есебі бойынша сол аяқпен адым жасап, оны жерге қоюмен бір уақытта қолдың қозғалысын тоқтатып, басты бастық жаққа қарай бұру қажет. **«ЕКІ, ҮШ, ТӨРТ, (БЕС, АЛТЫ)»** есебі бойынша қолды қысып, басты бұрған күйі қозғалысты жалғастыру керек.

Келесі **«жаса – БІР»** есебі бойынша сол аяққа және сол аяқты жерге қоюмен бір мезгілде басты тік ұстап, қолмен қозғалыс жасауды жалғастыру керек. Содан кейін үш бос адымды орындап, жаттығуды минутына 60-70 адым қозғалыс қарқынымен сол ретпен қайталау керек.

Бөлімдер бойынша тәсілді зерделеп, командир команда бойынша жаттығу жасатуға көшеді, мысалы, **«Қозғалыста әскери сәлемдесу, бастық сол жақта, төрт (алты) адымға, бөлімше, адым – БАС»**. Қозғалыс қарқыны минутына 95-105 адым.

«БАС» командасы бойынша және **«БІР»** есебіне білім алушылар алға бір адым жасап, қол қозғалысын тоқтатып, бастарын солға бұрады. **«ЕКІ, ҮШ, ТӨРТ (БЕС, АЛТЫ)»** есебі бойынша тыңдаушылар саптық адыммен жүріп, келесі **«бір»** есебіне сол аяқты жерге қоюмен бірге бастарын тік ұстап, **«ЕКІ, ҮШ, ТӨРТ»** есебіне жорықтық адыммен жүреді. Келесі **«БІР»** есебіне сәлемдесу қайталанады және т.с. Тәсілді үйрену командирдің командасымен тыңдаушылар есебімен немесе барабан сүйемелдеуімен өткізілетін жаттығумен аяқталады. Жаттығу аяқталғаннан кейін командир бөлімшені бір лекке тұрғызады және әрбір білім алушыны жанынан өткізіп, оның іс-қимылдарын тексереді және тәсілдерді орындаудағы дәлсіздіктерді жояды.

Жаттығуды тыңдаушылар бір-біріне қарай 10 адым арақашықтықпен қозғалған кезде жүргізуге болады. Бұл жағдайда командир тыңдаушыларға мынадай ұсыныс бере алады. Бір-біріне қарама-қарсы қозғала отырып, мынаны ескеру қажет: егер тыңдаушылар бес адым қалғанда

сәлемдесе бастаса, олар үш адым өткеннен кейін-ақ тоқтатады, ал алты адым қалғанда сәлемдесуді бастаса, төрт адым өтеді.

3.8 Саптан шығу, бастыққа келу және одан кету

Бастыққа келуді бөліну бойынша үш есепке үйрену ұсынылады. «Жаса – БІР» есебі бойынша сол аяқпен алға саптық адым жасап, қолмен адым ырғағына қарай қозғалыс жасап және қалыпты сол аяқта бекітіп, қолды жамбасқа түсіру керек. «Жаса – ЕКІ» есебіне оң аяқты қойып және бір уақытта оң қолды бас киімге ұстау керек. «Жаса – ҮШ» есебіне қолды жамбасқа түсіру керек. Осыдан кейін жаттығу қайталанады. Бұл іс-қимылдарға үйрету үшін бөлімше тыңдаушылар арасындағы төрт адымдық аралық немесе арақашықтықпен бір қатарға немесе лекке бір-бірден сапқа тұрады.



Бастыққа келуді үйрену үш адым алға қозғалыспен төрт есепке жасалуы мүмкін.

«Бастыққа келу, бөліну бойынша төрт есепке, үш адым алға жылжумен – бас-ТА». «Бір, екі, үш» есебіне алға үш саптық адым жасау, «төрт» есебіне оң аяқты сол аяқ жанына қою және бір уақытта оң қолды бас киімге апару. Келесі **«бір, екі, үш»** есебіне қолды бас киімге ұстап, «төрт» есебіне оны түсіру. Жаттығу бірнеше рет қайталанады.

Бөліну бойынша бастықтан кетуді үйренуді **«Бастықтан кету, бөліну бойынша төрт есепке – бас-ТА»** командасы бойынша төрт есепке жүзеге асыру ұсынылады. **«Жаса-БІР»** есебі бойынша барлық тыңдаушылар оң қолын бас киімге апарып, **«Құп болады»** деп жауап береді. **«Жаса - ЕКІ»** есебі бойынша артқа бұрылады (оңға, солға) және оң аяқты қояды. **«Жаса – ҮШ»** есебіне бірінші адыммен (сол аяқты жерге қойып) қолдарын түсіреді. **«Жаса – ТӨРТ»** есебінде оң аяқты сол аяқ жанына қояды. Осындай реттілікпен жаттығу командирдің есебімен, содан кейін білім алушылардың өздерінің есебімен немесе барабан сүйемелдеуімен қайталанады. Сонымен қатар, артқа, оңға, солға бұрылу жаттығуларын орындау дағдылары жетілдіріледі.

Бастыққа келу және одан кету бөліну арқылы үйретілгеннен кейін, бұл әрекеттер кешенді түрде пысықталады. Жаттығу жұппен жүргізіледі. Жаттығу кезінде командир тыңдаушыларды бір-бірден шақырып, олардың іс-қимылдарды дұрыс және анық жасауына қол жеткізеді.

Білім алушыларда бастыққа келу және одан кету кезіндегі іс-әрекеттерде нық дағдыларды игерту үшін оларды әдеттегі қарқынмен тоғыз есепке жаттықтыру ұсынылады. Ол үшін бөлімше үш-төрт адым арақашықтықпен бір-бірден лекке немесе бір-біріне қарама-қарсы жұп болып сапқа тұрады. Командирдің

«Бастыққа келу және одан кету, тоғыз есепке, дауыстап санаумен – бас-ТА» деген командасы бойынша тыңдаушылар алғашқы үш есепке сол аяқпен бастап алға үш адым жасайды. **«Төрт»** есебіне оң аяқты сол аяқ жанына қоюмен қатар оң қолды бас киімге апарады. **«Бес»** есебіне қолдарын түсіреді. **«Алты»** есебіне олар қолдарын қайтадан бас киімге тақайды. **«Жеті», «сегіз»** есебінде бұрылады. **«Тоғыз»** есебіне оң аяқты сол аяқ жанына қояды. Командир бұл уақытта білім алушылар әрекетін бақылап, олар жіберген қателерді түзеп отырады.

Команда бойынша саптан шығу және сапқа қайта тұруға үйретуді командир өрістетілген бір қатарлы саптан бастап, содан кейін екі қатарлы саптан және екі, үш, төрт лектен бастайды.

Командир тыңдаушының бірінші қатарда, екінші қатарда және лекте болу кезінде саптан шығу тәртібін ретпен көрсетеді. Көрсетілімнен кейін ол өз тегін естіген тыңдаушы **«Мен»** деп, ал саптан шығу туралы команда бойынша **«Құп болады»** деп жауап беру керектігін және саптық адыммен бірінші қатардан бастап көрсетілген адым санына саптан шығып, тоқтауы және сапқа қарап бұрылуы керектігін түсіндіреді.

Тыңдаушы екінші қатардан шыққан кезде ол алдында тұрған тыңдаушының иығына сол қолын ақырын қояды, одан кейін өз орнына тұрады. Тыңдаушы бірінші қатардан шыққан кезде оның орнына екінші қатарда оның артында тұрған тыңдаушы тұрады.

Тыңдаушы екіден, үштен (төрттен) тұратын лектен шыққан кезде ол саптан алдын ала оңға (солға) бұрыла отырып, жақын қаптал жаққа шығады. Егер жанында тыңдаушы тұрса, ол оң (сол) аяғымен жанына бір адым жасайды және сол (оң) аяғын қоймастан, артқа бір адым жасап, саптан шығатын тыңдаушыны өткізіп жібереді және одан кейін өз орнына тұрады. Шығу саптың ортасына ең қысқа жолмен қозғалыстағы бұрылумен

жасалады. Адымдар саны бірінші қатардан бастап есептеледі.

Тыңдаушының сапқа қайта тұруы команда бойынша жүзеге асырылады, мысалы, **«Тыңдаушы Ахметов, сапқа тұр»** немесе жай ғана **«Сапқа тұр»**.

«Тыңдаушы Ахметов» командасы бойынша сапқа қарап тұрған тыңдаушы өзінің тегін естігеннен кейін, бастық жаққа бұрылып: **«Мен»** деп жауап береді, ал **«Сапқа тұр»** командасы бойынша, егер ол қарусыз немесе **«арқаға»** күйіндегі қарумен болса, қолын бас киіміне апарып **«Құп болады»** деп жауап береді, қозғалыс жағына бұрылып, бірінші адым жасаумен қолын төмен түсіреді, саптық адыммен қозғала отырып, қысқа жолмен саптағы өз орнына тұрады.

Егер тек **«Сапқа тұр»** командасы болса сапқа қарап тұрған тыңдаушы қолын бас киімге апарып: **«Құп болады»** деп жауап береді, бірінші адыммен қолын түсіреді және ең қысқа жолмен, саптық адыммен, саптағы өз орнына тұрады.

Саптан шығу іс-қимылдарын үйрету үшін командир бөлімшені (топты) екі қатарға тұрғызып, бір-екі адым жазады, саптан шығуға және сапқа қайта тұруға команда береді. Бастапқыда, саптан шығу бірінші қатардан, содан кейін екінші қатардан жасалады. Жазылған саптан бір уақытта бірнеше тыңдаушының шығуын үйретуге болады.

Әрбір тыңдаушы саптың кез келген қатарынан шығу тәртібін меңгеруі үшін жаттығу кезінде қатарлардың орнын ауыстыру ұсынылады.

Екі қатарлы саптан шығуды пысықтап болған соң командир екі және үш (төрт) лекті саптан шығуды үйретуге кіріседі.

Командир тыңдаушыларға шақыру бойынша саптан шығу **«Тыңдаушы Ахметов, маған кел (жүгіре маған кел)»** командасы бойынша атқарылатынын түсіндіреді. Өзінің тегін естігеннен кейін тыңдаушы **«Мен»** деп жауап

береді, ал **«Маған кел»** командасы бойынша **«Құп болады»** деп жауап береді. Содан кейін бастықтың қай жақта орналасқанына қарай тыңдаушы бірінші қатардан тура бір-екі адым жасап, жүріп келе жатып бастық жаққа қарай бұрылады, қысқа жолмен саптық адыммен оған келеді (жүгіріп келеді) және келгені туралы баяндайды, мысалы, **«Лейтенант мырза. Тыңдаушы Ахметов сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр»**. Баяндап болған соң қолын түсіреді. Тыңдаушы бастыққа жүгіре келсе, оған бес-алты адым қалғанда саптық адымға көшеді. Бастық саптан шықыртылған тыңдаушыны алға шығуға мәжбүрлемей, өзі ол жаққа бұрылады.

Сапқа тұру үшін бастықтан кету кезінде тыңдаушы қозғалыс бағытына бұрылып, сапқа саптық адыммен қозғалады.

4. САПТЫҚ МАШЫҚТАРДЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА ЖЕТІЛДІРУ

Саптық машықтарын үздіксіз жетілдіру командирдің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. ПМ-нің озық бөлімшелерінің тәжірибесі саптық тәсілдерді орындау үшін жаттығуларға уақыт жеткілікті екенін көрсетеді. Барлығы офицерлер мен сержанттардың кез келген бөлімшеде бар барлық мүмкіндіктерді шебер пайдалануына байланысты. Бүкіл күн тәртібі, барлық қызмет көрсету жағдайлары тыңдаушыларға қажетті саптық дағдыларды сіңіру мақсатында құрастырылған. Тек бағыныштыларға және өзіне деген тұрақты жоғары талап қоюшылық қажет. **«Командир қандай болса – бағыныштылары да сондай»** деп бекерге айтылмаған ғой. Саптық дайындық, басқа пәндерге қарағанда, анағұрлым командирдің жеке үлгісіне негізделген. Егер тікелей басшы үнемі жинақы, ұқыпты, нысанды киім киіп жүрсе, жарғылық талаптардың сақталуын үнемі қадағалап,

сап тәртібін нығайту үшін күрессе, қарамағындағылар да одан үлгі алады.

Саптық жарғының әрбір жолында бөлімшенің үйлесімділігі мен ұйымшылдығы үшін саптың маңыздылығы атап көрсетілген. Бірінші бапта, сап – тыңдаушылардың, бөлімшелер мен бөлімдердің жаяу тәртіпте және машиналарда олардың бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін Жарғымен белгіленген орналасуы деп анықталған. Бұл анықтаманың терең мағынасы бар. **Сап** – бұл, ең алдымен, командир қойған тапсырмаларды орындауға үнемі дайын болу. Ол жауынгерлерді тәртіпке келтіреді, біріктіреді, жұмылдырады. Сапта сіз өзіңіздің әскери ұжымға тиесілі екеніңізді, Отан қорғаушылар қатарындағы орныңыз үшін жауапкершілікті сезінесіз. Сапсыз жауынгер де, бөлімше де болмайды.

Саптық жарғы командирлерді сапқа тұру алдында сапқа тұрғызу орнын, уақытын, тәртібін, нысанды киім үлгісі пен құрал-жабдықты, сондай-ақ қандай қару-жарақ, әскери және басқа да техника болуы керектігін көрсетуге міндеттейді. Бұл талап жеке құрамның кез келген сабаққа шығары алдында айқындық, анықтық және ұйымшылдықты енгізеді.

Сапта командирлер үнемі тәртіпті сақтап, топтардың командалар мен сигналдарды нақты орындауын және тыңдаушылардың өз міндеттерін орындауын бақылауы керек. Жаяу тәртіптегі сап командасы кезінде командирлер «ТІК ТҰР» қалпын қабылдауы тиіс. Бұл командирдің жоғары мәдениеттілігін көрсетіп, бағыныстыларына оң әсер етеді [4].

Күн тәртібін орындау барысында топ үнемі жылжып, сапқа тұрғызылады. Бұған айтарлықтай уақыт жұмсалады, ал уақыт өте қымбат. Сап уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді және жеке құрамды тәртіптендіреді.

Саптық дайындықтың көптеген элементтері дене шынықтыру сабақтарында да қолданылады. Бұл

тыңдаушыларда дұрыс дене қалпын, саптық машық пен жинақылықты қалыптастыруға ықпал етеді. Әр тыңдаушы бір уақытта спорттық құрал-жабдықтарда жаттығуларды пысықтай отырып саптық қалыпты, саптық адымды, орнында және қозғалыста бұрылу және басқа іс-қимылдарды жетілдіреді.

Таңертеңгілік жаттығулар мен дене шынықтыру сабақтарында жазу және жабу, әртүрлі қайта саптану, саптық адыммен қозғалыс, адымнан жүгіруге ауысу сияқты т.б әрекеттер орындалады. Сабақтың дайындық бөлімінде денеге түсетін жүктеме. барлық уақытта ұлғайып отыру керек, сондықтан бірнеше саптық тәсілдерді орындағаннан кейін бірден саптық адыммен қозғалуға содан кейін жылдам жүгіруге көшу, содан кейін жүгіруге көшуге команда беру керек.

Командирлер дене шынықтыру жөніндегі нұсқаулықтың ережелерін орындаумен қатар, Саптық жарғының тиісті баптарының талаптарын бұлжытпай орындауы қажет.

Командирлерге тыңдаушылардың саптық машықтарын жетілдіруге *жалпы әскери жарғыларды зерделеу бойынша* сабақтар үлкен мүмкіндіктер береді. Алдыңғы қатарлы бөлімдер мен бөлімшелердің тәжірибесі саптық оқыту барлық оқу сабақтарының, әртүрлі іс-шаралар мен жаттығулардың кешенін қамтитынын көрсетеді.

Сап тәртібін нығайту, өзін-өзі ұстау мәдениетін арттыру, әскери құрметті беру тәртібі мен ережелерін сақтау, тыңдаушылардың сыртқы келбетін жақсарту сияқты мәселелерді оң шешуде офицерлердің ең жақын көмекшілері – сержанттарға елеулі орын берілуі керек. Өйткені, нақты олар бағыныштылармен бір сапта бола тұрып, оларды оқыту және тәрбиелеумен тікелей және күнделікті айналысатын кіші командирлердің үлкен жасағын құрайды. Олардың тәрбиеші-командир ретінде

қалыптасуына аға буын бастықтар неғұрлым қамқорлық жасап отырса, соғұрлым бөлімше мен бөлімде тәртіпті орнатуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Тыңдаушылардың саптық машығы *тәуліктік қызмет атқару барысында* да кеңінен қолданылуы қажет. Бұл нысанды киім үлгісін кию ережелерін, жалпы саптық жинақылықты, іс-қимыл нақтылығын, команда беру, бастыққа жақындау және баяндау тәртібін сақтауда көрінеді.

Тәуліктік қызмет тұлғаларының іс-қимылы саптық дайындық элементтерін орындаумен байланысты. Сондықтан қызметке түсер алдында тиісті командирлер (бастықтар) нұсқау жүргізгенде осы мәселеге назар аударуы тиіс.

Күнделікті өмірде және одан тыс жерлерде тыңдаушылардың мінез-құлқына үлкен назар аударылады. Әскери сыпайылықтың бір көрінісі – міндетті өзара әскери құрметпен сәлемдесу (Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Сап жарғысының 64 және 65-баптары) болып табылады.

5 ЖЕКЕ САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН БАҒАЛАРДЫ АНЫҚТАУ

Әрбір саптық тәсілді орындау техникасы келесідей бағаланады:

–«өте жақсы», егер тәсіл Саптық жарғының талаптарын қатаң сақтай отырып, анық, сенімді, тартымды орындалса;

–«жақсы», егер тәсіл Саптық жарғының талаптарын қатаң сақтай отырып, бірақ жеткілікті түрде анық емес, күшпен орындалса;

–«қанағаттанарлық», егер тәсіл негізінен Саптық жарғының талаптарына сәйкес орындалса, бірақ кемінде бір қателік жіберілсе,;

–«қанағаттанарлықсыз», егер тәсіл орындалмаса немесе оны орындау барысында екі немесе одан да көп қателіктер жіберілсе.

Білім алушылардың жеке дайындығын дара бағалау мыналармен анықталады:

–**«өте жақсы»**, егер тексерілген саптық тәсілдерінің кемінде 50%-ы «өте жақсы», ал қалғандары – «жақсы» болғанда, сыртқы түрі бойынша, Саптық жарғының және атқаратын лауазымы шегінде басқа да жалпы әскери жарғылардың ережелерін, ал ҚР ІІМ Алматы академиясының тыңдаушылары үшін оқыту әдістемесін білуіне қанағаттанарлық баға болғанда;

–«жақсы», егер тексерілген саптық тәсілдерінің кемінде 50%-ы «жақсы» деңгейінен төмен орындалмаса, ал қалғандары – «қанағаттанарлық», сыртқы түрі бойынша, Саптық жарғының және атқаратын лауазымы шегінде басқа да жалпы әскери жарғылардың ережелерін, ал ҚР ІІМ Алматы академиясының тыңдаушылары үшін оқыту әдістемесін білуіне қанағаттанарлық баға болғанда;

–«қанағаттанарлық», егер тексерілген саптық тәсілдерінің кемінде 80%-ы (ал ҚР ІІМ Академиясының офицерлері, тыңдаушылары үшін – 100%) «қанағаттанарлық» деңгейінен төмен емес орындалса, сыртқы түрі бойынша, жарғыларды және оқыту әдістемесін білуіне қанағаттанарлық баға болғанда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Методика строевой подготовки. – М., Воениздат, 1980г.
2. Дуков Р.Г. Строевая подготовка. – М., Воениздат, 1988г.
3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Саптық жарғысы. – Алматы, Нұрпресс, 2016ж
4. Методическое пособие по проведению занятий по строевой подготовке. Изд. Военной Академии Министерства Обороны РК. – Алматы, 1998г.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. САПТЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ	5
2. САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ	
2.1 Сабаққа дайындық.....	9
2.2 Көрсетілім сабақтары.....	10
2.3 Нұсқау-әдістемелік сабақтар	11
2.4 Нұсқаулар	12
3. ЖЕКЕ САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ	
3.1 Саптық тәсілдер және қарусыз қозғалыс жасау	14
3.2 Сап	16
3.3 Саптық қалып	17
3.4 Орнында бұрылулар	22
3.5 Саптық адыммен қозғалыс жасау	25
3.6 Қозғалыста бұрылулар	31
3.7 Әскери сәлемдесуді орнында тұрып және қозғалыста орындау	35
3.8 Саптан шығу, бастыққа келу және одан кету.....	42
4. САПТЫҚ МАШЫҚТАРДЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА ЖЕТІЛДІРУ	46
5 ЖЕКЕ САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН БАҒАЛАРДЫ АНЫҚТАУ	49
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	51

Беттеу:
К.Н. Саратекова

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы
академиясы Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмыстарын
ұйымдастыру бөлімі

050060, Алматы қ., Өтепов көш., 29

Басуға 23 маусым 2023 ж. жіберілді.
Пішімі 60x84 1/16. №1 баспаханалық қағаз.
Ризографта басылды. Есептік баспа табағы 1,7.
Таралымы 100 дана.